

Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеуді бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 191 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 мамырда № 4773 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 390 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 05.08.2014 № 390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Ә к і м д і к т і ң

2014 жылғы 4 мамырдағы

№ 191 қаулысымен бекітілген

Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу

Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға)

арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша е с е п т е л е д і :

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * K_3 * S, \quad \text{мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының м ө л ш е р л е м е с і ;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын к о э ф ф и ц и е н т ;

K_3 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Қостанай қаласы, Лисаков қаласы, Рудный қаласы, Арқалық қаласы	2,3
Облыстың аудандары	1,6

Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент:

Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жері	K_2
Орталық Қайырбеков-Темірбаев (вокзал маңы аумағын қосқанда), Павлов-Шевченко көшелерінің шекарасында	2
Қаланың басқа аудандары (қаласының құрамды бөліктеріне қоспағанда)	1
Қаланың құрамды бөліктеріне (Амангелді, Геофизик, Дружба, Қонай, Жылы жай, Ударник тұрғын үй алабы)	0,9

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_3
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \quad \text{мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық

кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;
БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін: $J = S * B_m * K_1 * K_2 * K_3 / JY * N$, мұндағы:

J - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

B_m - базалық мөлшерleme;

K₁ - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K₂ - объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент;

K₃ - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

JY - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны;

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа пайдаланылмайтын заттар үшін: $J = (J_n / JY) * N$, мұндағы:

J – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

J_n – негізгі құрал-жабдықтарды (ғимараттардан басқа) жалдауға (жалға алуға) алу үшін жылдық жалдау ақысы;

JY - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.